

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 қаңтардағы N 2742 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 3 маусымдағы N 607 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.03 N 607 Жарлығымен.

Қ а у л ы е т е м і н :

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

П р е з и д е н т і

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 3 қ а ң т а р д а ғ ы

N 2 7 4 2 Ж а р л ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына және "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заң күші бар Жарлығына сәйкес құрылды және жұмыс істейді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (бұдан былай - Күзет қызметі) :

1) Қазақстан Республикасы Президентінің және оның бірге тұратын отбасы мүшелерінің, экс-Президенттердің және Президент бекітетін тізім бойынша мемлекеттің өзге де лауазымды адамдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында болған кезінде мемлекет басшылары мен халықаралық ұйымдар басшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

2) < * >

2) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыреті шегінде жалпы және

арнайы жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізеді;

3) Күзет қызметі жұмысын қамтамасыз ету мүддесі тұрғысынан ақпараттық-талдау жұмысын жүргізеді;

4) Күзет қызметі бөлімшелерінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

5) Күзет қызметін негізінен анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен арнаулы мемлекеттік органдары әскери қызметшілерінің арасынан кадрлармен жасақтайды, Күзет қызметіне жәрдемдеседі;

6) күзетілетін адамдар төңірегінде жұмыс істеуге тартылатын адамдарды жедел зерделеу мен тексеруді жүзеге асырады;

7) мемлекеттік, әскери және қызметтік құпияларды сақтауды қамтамасыз етеді ;

8) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру-жедел шаралар жүйесін әзірлеп, жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының Күзет қызметі қызметіне ғылым, техника мен озық тәжірибе жетістіктерін енгізуді қамтамасыз етеді;

10) Күзет қызметінің штаттан тыс жедел қызметкерлері ретінде азаматтарды ерікті негіздерде тартады;

11) Күзет қызметінің әскери қызметшілерін Күзет қызметіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында олардың келісімімен міндетті әскери қызметте қалдыра отырып, мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан, ұйымдардағы штаттық қызметтерді атқаруға белгіленген тәртіппен жібереді;

12) Күзет қызметіне Президент пен қолданылып жүрген заңдар жүктеген өзге де функцияларды атқарады .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2)-тармақшасы алынып тасталды, 3)-9)-тармақшалар тиісінше 2)-8)-тармақшалар болып саналды, жаңа 10)-11)-тармақшалармен толықтырылды, 11)-тармақша 12)-тармақша болып саналды - ҚР Президентінің 1997.05.21. N 3512 жарлығымен.

3. Күзет қызметін бастық басқарады, оны:

1) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды, қызметінен босатады және әскери қызметтен босатады;

2)

3) Күзет қызметінің жұмысын басқарады және Президенттің Күзет қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

4) оның орынбасарлары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады. Күзет қызметі бастығының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Күзет қызметі бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке

тағайындайды және қызметтен босатады;

5) орынбасарлар арасында міндеттер бөледі;

6) Күзет қызметінің құрылымын, Күзет қызметі құрылымдық бөлімшелерінің ережелері мен штат санын бекітеді, Күзет қызметінің еңбекке ақы төлеу қоры мен бюджеттен тыс қаражатының шегінде қызметтік үй-жайларды, ғимараттар мен әлеуметтік-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арналған объектілерді пайдалану, күзету және қызмет көрсету жөніндегі жұмысшылар мен қызметкерлер санын белгілейді;

7) Республика Президентіне Күзет қызметі қызметкерлерінің жалпы саны және оны ұстау шығыстарының сметасы туралы ұсыныстар енгізеді;

8) қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды Республиканың Президенті жүзеге асыратындарын қоспағанда, Күзет қызметі қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

9) қызметкерлерді наградтайды және көтермелейді, оларға материалдық көмек көрсетеді, наградтау, көтермелеу және материалдық көмек көрсету тәртібін айқындайды;

10) Күзет қызметі қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, заңды тұлғалармен және шет мемлекеттердің арнаулы және құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынаста Күзет қызметі атынан өкілдік етеді;

12) Күзет қызметінің барлық қызметкерлері міндетті түрде орындауға тиіс бұйрықтар, өкімдер мен нұсқаулықтар шығарады, нұсқаулар береді;

13) Күзет қызметінің қызметшілері атқаратын офицерлер мен прапорщиктер қызметтерінің тізбесін бекітеді;

14) күзетілетін адамдардың, объектілердің бейбіт уақыттағы, сондай-ақ төтенше жағдайлардағы және айрықша кезеңдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде Күзет қызметі күші мен құралдарын пайдалану тәртібін анықтайды;

15) Күзет қызметінің мүлкі мен ақша қаражатына иелік етеді;

16) тарифтік разрядтар, оларға қосылатын үстеме ақы мен қосымша ақы мөлшерін, сыйақы беру тәртібін, зейнетақы есептеу үшін тұрақты сипаттағы қосымша ақша үлесін (процент есебімен) белгілейді және бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының азаматтарын ерікті негізде Күзет қызметіне міндетті әскери қызметке алады, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес оларға полковник атағын қоса алғанда оған дейінгі әскери атақтар береді және оларды міндетті әскери қызметтен босатады. Кейбір жағдайларда жоғары білікті мамандарды жұмыс стажын еңбек сіңірген жылдарына есептей отырып, міндетті әскери қызметке және жұмысқа қабылдайды;

18) офицерлік құрамның адамдарын лауазымы бойынша ауыстырып отырады

;

19) Күзет қызметі бастығының жанындағы кеңестің дербес құрамын бекітеді, оның жұмысын ұйымдастырады және өзінің бұйрығымен оның шешімдерін жария етеді;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Күзет қызметінің жұмысын жетілдіру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

21) Күзет қызметін қамтамасыз ету үшін қажет қару-жарақты, арнаулы техниканы, арнаулы құралдарды, байланыс құралдарын және басқа өнімді әзірлеу мен алып-беріп тұру мақсатында заңды тұлғалармен, оның ішінде шетелдік тұлғалармен шарттық қатынастар жасасады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Күзет қызметіне жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті ұйымдар құрады.

22) Күзет қызметі әскери қызметкерлерінің әскери киім үлгісін киіп жүру ережелерін белгілейді;

23) Күзет қызметі қызметкерлерінің жеке басының куәлігі мен бәсірелі жетондарының үлгісін және оны оларға беру мен есепке алу тәртібін белгілейді;

24) Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 2)-тармақшасы алынып тасталды, 14)-тармақшадан сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1997.03.05. N 3396 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 4)-тармақшасы жаңа редакцияда, 16)-тармақшасынан сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1997.05.21. N 3512 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 6)-тармақшасы өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.11.04. N 3730 жарлығымен.

4. Күзет қызметінің бастығы болмаған кезде оның міндеттерін бастықтың тапсыруы бойынша орынбасарларының бірі атқарады.

5. Күзет қызметінде Күзет қызметі бастығының жанынан кеңес құрылады. Кеңес өз отырыстарында жедел-қызмет істерінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарайды және бұлар бойынша жай көпшілік дауыспен келісілген шешімдер қабылдайды. Төраға мен кеңес мүшелері арасында келіспеушілік туған жағдайда төраға өз шешімін қабылдайды және туындаған келіспеушіліктер туралы Республика Президентіне хабарлайды.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1997.05.21. N 3512 жарлығымен.

6. Күзет қызметінде офицер кадрларының әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік қажеттерін іске асыруға, шығармашылық қарым-қатынасты дамытуға, жалпы және әскери мәдениетті, әскери борышты орындауда белсенділікті арттыруға, офицер ар-ұжданы мен абыройы, патриотизм

мен интернационализм сезімін тәрбиелеуге жәрдемдесуге тиісті тұрақты қызмет атқаратын ынталы қоғамдық ұйым - офицерлік жиналыс жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1997.05.21. N 3512 жарлығымен.

7. Күзет қызметін материалдық-техникалық және азық-түлікпен қамтамасыз ету тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8. Күзет қызметі әскери қызметшілерін медициналық қамтамасыз ету, медициналық мүлікпен және дәрі-дәрмекпен жабдықтау Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қолданылатын нормалар мен талаптарға орай жүзеге асырылады.

9. Әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ әскери қызметтен зейнет демалысына қызмет көрсетілу құқығы сақталып босатылған адамдарды медициналық қамту Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдары мен Қазақстан Республикасы Республикалық ұланның әскери-медициналық мекемелерінде жүзеге асырылады.

10. Күзет қызметі қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету басқа ведомстволармен тұрғын үй құрылысын салуға үлестік қатысуды қоса алғанда, тұрғын үй салу республикалық бюджет қаражаты есебінен дайын тұрғын үй сатып алу, сондай-ақ жеке тұрғын үй салу жолымен жүзеге асырылады.

11. Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім үлгісі мен айырым белгілері болады, олардың үлгісін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

12. Күзет қызметі әскери қызметшілерінің жеке басының куәлігі және белгіленген үлгідегі бәсірелі жетоны болады.

13. Президент Күзет қызметі әскери қызметшілеріне зейнетақы тағайындау үшін және еңбек сіңірген жылдарына проценттік қосымша үстеме ақы төлеу үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу үшін міндетті әскери қызмет стажына жеңілдікті жағдайда қызмет өткерген бір айы бір жарым ай болып есептелетін қызметі қосылады. Бұл жеңілдіктермен пайдаланатын әскери қызметшілер лауазымдарының тізбесін Президент Күзет қызметінің бастығы айқындайды.

14. Реактивті және турбовинтті авиация ұшақтарымен ұшу сапарларында лауазымды міндеттерін орындайтын әскери қызметшілерге олар Республиканың Үкіметі белгілеген ұшу сағаттары нормаларын орындаған жағдайда зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына жеңілдікті жағдайда қызмет өткерген бір айы екі ай болып есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 1996.05.08. N 2984 жарлығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК